

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 24 (876) 27 мамыр, жұма 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany

http://tainshatany.kz

tainsha_tan@list.ru

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫ

Қазақстан халқына Жолдауында Президент бірнеше рет «адам - мемлекет үшін емес, мемлекет - адам үшін» қағидатына баса назар аударды.

Қазіргі уақытта мемлекеттік саясат сервистік сипатқа ие, артық бюрократиясыз жұмыс істеуі керек қызметтерді тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Көрсетілген қағидаттар Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында: «Ең алдымен адамдар» - «адамға бағдарланған» моделін қалыптастыру көрініс тапқан.

Бұдан басқа, клиентке бағдарлану қағидаты Әдеп кодексінің талаптарының бірі болып табылады, сондықтан көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халықтың сұрау салуына толық бағдарлануы тиіс. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы көрсетілетін қызметті берушілердің жолға қойылған және құзыретті жұмысына, сондай-ақ олардың мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді сақтауына тікелей байланысты.

Департаментпен ағымдағы жылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасына 11 бақылау іс-шарасы өткізілді. Нәтижесінде әр түрлі бұзушылықтардың 517 фактісі анықталды. Бұл ретте, бақылау жүргізудің мақсаты бұзушылықтардың алдын алу болып табылады. Тексеру барысында қызмет көрсетуші қызметкерлердің құзыреттілігі, олардың кәсібилігі, клиентке бағытталғандығы және жеделдігі талданады. Тексеру аяқталғаннан кейін бақылау объектілері кәсіби дағдыларды, құзыреттерді, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға, НҚА-ны зерделеуге бағытталған іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

Алдын алу мақсатында Департамент тоқсан сайынғы негізде бұзушылықтардың себептері мен өтініштердің келіп түсуіне талдау жүргізеді, ол жұмыста қолдану үшін барлық мемлекеттік органдарға жіберіледі.

Департамент қызметкерлері әрбір бақылау шарасынан кейін қызмет көрсетушілермен семинарлар өткізеді.

Жүйелі және өрескел бұзушылықтар анықталған жағдайда тәртіптік жауапкершілікке тарту бойынша да ұсынымдар енгізіледі.

Көрсетілетін қызмет берушілердің назарын мемлекеттік қызметтер көрсету, оның ішінде рұқсат беру нәтижелеріне уәкілетті лауазымды тұлғаның қол қоюы бөлігінде мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібінің сақталуына аударамыз.

Нормаларды түсіндіру қажет болған жағдайда, оларды дұрыс қолдану үшін осындай құқығы бар нормативтік құқықтық актілерді әзірлеушілерге жүгінуге құқығы бар. Егер сізде, мемлекеттік қызмет көрсету рәсімдерін жетілдіру бойынша, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мәселелері бойынша ұсыныстар бар болса бізге «электрондық үкімет» порталы арқылы, сондай-ақ жазбаша түрде жүгіне аласыз. Біздің мекен жайымыз: Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 38, телефон: 360162.

Бұдан басқа, мемлекеттік қызметтер бойынша барлық туындаған сұрақтармен бірыңғай Call-орталық нөміріне – 1414 қоңырау шалуға болады.

Болат ЕҢСЕГЕНОВ, Қазақстан Республикасы

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ



Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 14 сәуірде жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы ҚР Заңы қабылданды. 31 мамыр – саяси саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп жариялады. Бұл шара – жазықсыз жапа шегіп, қазақ елін егеменді ел етеміз деп еркіндікке ұмтылған ерлердің алдындағы борышты өтеуге, парызды ақтауға арналған жұмыстардың бастауы. Жалпы, зерттеушілер деректеріне сүйенсек, 1927-53 жылдары Қазақстан бойынша 125 мыңнан бастап адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Олардың 25 мыңы атылды. Осы қуғын сүргін жылдарында бүкіл елде 953 лагерь болған. Қазақстанда да 20-дан астам лагерь орналасқан.

Атаулы күнге орай еліміздің әр аумағында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылады. Тайынша қаласында 31 мамыр күні орталық «Достық» алаңында осы қаралы күнді еске алу мақсатында жиын өтеді. Басталуы сағат 11.00-де.

ҚОШ БОЛ, АЛТЫН ҰЯ – МЕКТЕБІМ!

Соңғы қоңырау мерекесі. Бұл күн ешқандай мерекемен тең келмейтін, білімнің асқар шыңына жетелейтін, қайталанбайтын күн. Әсіресе, мектеп бітірушілер үшін бұдан асқан ұлы мереке жоқ. Әр мектепте соңғы қоңырау мерекесі – бұл мектеп тарихына енетін көңілді әрі қуанышты оқиға. Қоңырау үні. Бұл үн- мектеп қабырғасынан шыққан әрбір адамның құлағына таныс, жүрегіне жақын. Алғашқы қоңырау – балалық арманыңды жетелеп, білім алып, мақсатыңды айқындауға шақырса, соңғы қоңырау үні – кәметке толып, оң-солын танып, қанаттанған бозбала мен бойжеткендерді арман биіктеріне ұшырып, ең үлкен өмір мектебіне шығарып салады. Соңғы қоңырау – осындай қимас қоштасу сәтімен ыстық.

Міне, осы күннің мерекелік іс – шарасы аудан бойынша барлық білім ошақтарында 25 мамыр күні ерекше аталып өтті. Қала, ауыл мектептерінің шәкірттері, мектеп бітіруші түлектер ерекше бір көңіл-күйде осы мерекені атап өтті. Тайынша ауданына қарасты Теңдік ауылында «Соңғы қоңырау» мерекесі ерекше аталып өтті. Ауыл мектебіне жиналған ата-аналар, осы мектептің бұрынғы түлектері мен өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың қауымы бір ортада қауышты. Ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек. Олар – шәкірттерінің мақтанышы ғана емес, бүкіл ел мақтанышы! Мерекелік іс – шарада өткен оқу жылының қорытындысы шығарылып, жекелеген оқушылар жоғары марапаттарға ие болды. Теңдік орта мектебінің директоры С.Д. Шаймерденов оқу жылын қорытындылап, биылғы мектеп түлектеріне сәт-сапар тіледі.

Бұл мерекелік іс-шарада 25 жылға жуық осы білім ордасында ұстаздық еткен Нина Станиславовна Дермановская көп жылғы тәжірибелі де қажырлы еңбегі үшін «Тайынша ауданының Құрметті ардагері» төс белгісімен марапатталды.

- «Сізді бәріміздің қамқоршымыз, шәкірттеріңіздің жылы жүректі ұстазы болғаныңызды мақтан етеміз! Көп жылдар бойы ақырын жүріп, анық басқан ұстаз болуыңызбен бірге, бізді сабырлы мінезбен, салиқалы салмақты ақылыңызбен тәрбиеледіңіз, әрқайсымыздың өмірді өз орнымызды табуымыз үшін берген ақыл - кеңестеріңізге, бізді ел қатарына қосқаныңызға мың да бір рахмет айтып, шәкірттік ықыласымызды білдіргіміз келеді. Үлкен биікке қол жеткізуімізге, кісілікке, адамгершілікке тәрбиелегеніңіз үшін біз сізге әрқашан қарыздармыз, ризамыз», - деп ұлағатты ұстазға шәкірттері атынан Дулат Омаров тілек білдірді.

«Менің сыныптас достарым! Сендерге алдағы уақытта тек қана сәттілік жар болсын, жетістіктерге қол жеткізіндер, өмірден өз орындарыңды адалсып табындар! Бәрің де ақ жолмен аппақ көгершін-армандарыңа сүрінбей жетіңдер! Өйткені, біз мектеппен қоштасып, үлкен өмірге қанат қағып барамыз. Енді бізді алда өмірдің сан тарау жолдары күтіп тұр. Сол жолда әрбіріміз бақыт үшін, өмірден лайықты орын алу үшін күресейік, достар! Ал алтын ұя – мектебіміз бен аяулы ұстаздарымызды жүрегімізде мәңгі ұмытпай сақтаймыз. Аяулы ұстаздар! Сіздер жасаған еңбектеріңіз үшін шексіз алғыс

білдіреміз», - деп жүрек жарды лебіздерін білдірген мектеп түлектерінің сөздері де мерекенің шырайын ашатты.

Осыдан 11 жыл бұрын тарыдай болып мектеп табалдырығын аттаған балалар бүгін таудай болып үлкен өмірге қадам басып отыр. Түлектер өздерінің он бір жыл білім алған алтын ұяларымен қоштасса,

ұстаздар өздерінің сүйікті шәкірттерін өмірге қанаттандырады. 25 мамыр барлық қазақстандық түлектер үшін мектеппен қоштасуға арналған атаулы мереке. Бүгінгі таңда жас ұрпақ тәрбиесіне, білім беру ісіне ерекше назар аударылып, сапалы білім алып, білімді азамат болу үшін елімізде барынша жағдай жасалып отыр.

Жыл сайын түлектерімізді ұядан ұшырар сәтте айтар тілегіміз: «Әуелі рухани бай, білімді азамат бол!»,- дейміз. Сосын мәпелеген ата-ана, білімге баулыған ұстаздарың қадірлей біліп, солардың үмітін ақтауға шақырамыз. Соңында, қай жерде болса да шәкірттеріміз еліміздің атын паш етіп, биіктен көрініп жүрсін деп тілек білдіреміз! Он бір жыл мектепте үздік оқып, ата-ана мен ұстаздарының қуанышы болған мектеп бітіруші түлектер – ауданымыздың ғана емес, еліміздің де мақтанышы. Олардың болашағынан ел-жұрты үлкен үміт күтеді. Ел ертеңі - ақилына білімі сай тәуелсіз елдің жастары. Сондықтан да жауапкершілікті терең сезініп, әрқашан сенім биігінен шыға білулеріңе тілектеспін!

Құрметті түлектер, алдағы уақытта тек жақсы жетістіктеріңмен, жоғарғы көрсеткіштеріңмен қуанта беріңдер. Мен сендерге жоғары білімді жақсы азамат, білікті маман болып, болашақта ауданымыздың өркендеуіне лайықты үлес қосады деп сенім білдіремін. Үлкен өмір жолына бастар қадамдарың сәтті болсын! Бәріңе ақ жол тілеймін!

Ал алтын ұя – мектебіміз бен аяулы ұстаздарымызды жүрегімізде мәңгі ұмытпай сақтаймыз. Қымбатты ұстаздар! Осы жылдар бойы бізге білім мен тәрбие беріп, үлкен өмірге дайындағандарыңызға алғысымыз шексіз! Сіздердің сенімдеріңізді ақтаймыз, аяулы ұстаздар! Сіздер жасаған еңбектеріңіз үшін шексіз алғыс білдіреміз!- деген жас түлектердің қоштасу тілектері де мерекенің басты қағидасы болғанының куәсі болды.

Түлек – 2022! Сапарың сәтті болсын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша маңы»

2022 ЖЫЛ - БАЛАЛАР ЖЫЛЫ



денсаулығын нығайтуға, инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр.

Балалар жылы аясында олардың сапалы өмір сүруіне, қауіпсіз қоршаған ортада өсіп-өнуіне ықпал ететін, жақсы білім алуына мүмкіндік беретін қандай іс-шаралар жүзеге асады? Мүмкіндігі шектеулі балаларға қандай жеңілдіктер қарастырылады? Ата-анасыз қалған балаларды қамқорлыққа алу үшін қандай бағдарламалар әзірленеді? Жалпы балалардың игілігі үшін қандай жұмыстар қолға алынатыны жөнінде айта келіп, балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек екенін айтып, тапсырма берген еді. Президент өскелең ұрпақты болашағына мән беріп, жастарға зор үміт артатынын, сондықтан да өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасау керекін нақтылады. Сол кезде Мемлекет басшысы: «Әңгіме жалаң ұран мен мерекелік шаралар туралы емес. Бірінші кезекте билік тарапынан

балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз», - деген еді.

Міне, содан бері осы салаға жауапты министрлік өкілдері елімізде балаларға арналған бірнеше жобалар әзірленді. Жоспарлы жұмыстар әзірленді. «Балаға инвестиция салу – аймақ пен елдің табысты және тұрақты дамуының сенімді кепілі. Бүгінде Қазақстандағы балалардың саны 6 миллионнан асады. Олардың әрқайсысының ерекше қорғауға және көмек алуға құқығы бар. Енді статистикалық мәліметтерге көз жүгіртіп көрелік... 2021 жылдың маусым айындағы деректерге сәйкес, Қазақстанда 6,1 млн бала бар. Оның жартысынан көбі, яғни 3,1 миллионы – ұл бала, ал 3 млн – қыз бала. 3,4 млн бала мектепте оқыса, 914 мың бала мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған. Халық санының 1/3-ін құрайтын балалардың сапалы білім алуына, денсаулығының нығайтуына мән беріп, күн тәртібіндегі шешілуге тиіс маңызды мәселелердің бірі етіп қоюы да содан шығар. Мемлекет басшысының тапсырмасына орай Тайынша ауданы көлемінде де балалар құқығының қорғалуына, денсаулық жағдайын, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың ахуалын жақсартуға, олардың сапалы білім алуына мүмкіндік беретін бірқатар іс-шара тізбегін көре аламыз. Соның бірі – Балаларды қорғау күні. Бүкіл әлемде 1 - ші маусым Балаларды қорғау күні ретінде аталып өтіп, ескі халықаралық мейрамдардың бірінен саналады. Оны өткізу жөнінде шешім 1949 жылдың қараша айында Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясында қабылданды. Дәл осы күні болашақта адамгершілікке, әділдікке, баянды өмірге толы қоғам құру үшін оның негізі - балаларға барлық жағдай жасау керектігі тағы да паш етіледі.

Құрметті Тайыншалықтар! 1- маусым күні орталық «Достық» алаңында 1 – маусым Балаларды қорғау күніне орай мерекелік іс-шара өтеді. Басталуы сағат 11.00 де.

ЖОБА: «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Ж О Б А

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

1-бап. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 4-баптың 1- тармағындағы «Кеңесінің» деген сөз «Сотының» деген сөзбен ауыстырылсын.

2. 6-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.».

3. 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасына тыйым салынады.».

4. 23-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Республика Конституциялық Сотының, Жоғарғы Сотының және өзге де соттарының төрағалары мен судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелері, әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері саяси партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуге тиіс.».

5. 24-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке қылмыстың немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп тану туралы сот актісінің негізінде не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.».

6. 42-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ант беру қаңтардың екінші сәрсенбесінде салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Сот, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың экс-Президенттерінің қатысуымен өткізіледі. Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған адам Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күнінен бастап бір ай ішінде ант береді.»;

2) 5-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын.

7. 43-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруға хақысы жоқ.».

5. 44-бапта:

1) 2) тармақшадағы «Парламент Сенаты» деген сөздер «Парламент» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3) тармақшадағы «облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жояды не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұрады;» деген сөздер алып тасталсын;

3) 4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды; оларды қызметтен босатады;»;

4) 7) тармақшадағы «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің» деген сөздер «Жоғары аудиторлық палатаның» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 10-1) тармақшадағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 19) тармақшадағы «Хатшысын» деген сөз «кеңесшісін» деген сөзбен ауыстырылсын.

9. 46-баптың 4-тармағы алып тасталсын.

10. 47-бапта:

1) 1-тармақтағы «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 2-тармақтағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

11. 50-бапта:

1) 2-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сенаттың он депутатын, оның ішінде бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша Республика Президенті тағайындайды.»;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын тоқсан сегіз депутаттан тұрады.».

12. 51-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мәжілістің депутаттарын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі.»

13. 52-баптың 5-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Парламент Мәжілісінің депутаты:

1) депутат конституциялық заңға сәйкес партиялық тізім негізінде өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;

2) конституциялық заңға сәйкес партиялық тізім негізінде депутатты сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан;

3) бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты конституциялық заңда айқындалатын тәртіппен сайлаушылар кері шақырып алған кезде өз мандатынан айырылады.».

14. 53-бапта:

1) мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) конституциялық заңдарды қабылдайды;

1-2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған конституциялық заңдар немесе конституциялық заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайталап талқылау мен дауысқа салуды жүргізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Парламент әрбір Палата депутаттарының жалпы санының төрттен үштен бір ай ішінде конституциялық заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылықтары еңсерілмесе, конституциялық заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі;»;

2) 2) тармақшадағы «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің» деген сөздер «Жоғары аудиторлық палатаның» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6) тармақшадағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

15. 54-бапта:

1) 1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Парламент Палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі – Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы заңдар қабылдайды, оның ішінде:»;

2) 2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайталап талқылау мен дауысқа салуды жүргізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Мәжіліс пен Сенат әрбір Палата депутаттарының жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығын ең болмаса Палаталардың бірі еңсермесе, заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі;».

16. 55-бапта:

1) 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Республика Президентінің Республика Конституциялық Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Бас Прокурорын, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру;»;

3) 2) тармақша «судьяларын» деген сөзден кейін «, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді» деген сөздермен толықтырылсын.

17. 56-баптың 1-тармағында:

1) 1) тармақшадағы «және осы жобаларды қарау» деген сөздер алып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебін жылына екі рет тыңдау;».

18. 57-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Конституциялық Соттың үш судьясын қызметке тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Жоғары аудиторлық палатаның үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;».

19. 58-баптың 3-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) Палаталарға Конституциялық Соттың судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері қызметіне тағайындау үшін кандидатуралар ұсынады;».

20. 61-бапта:

1) 2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті қорғауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Республика Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілген заң жобалары Палаталардың бірлескен отырысында Парламенттің дереу қарауына жатады.»;

2) 3-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы баптың 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген заң жобалары Парламентке енгізілген жағдайда, Республика Үкіметі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық актілер қабылдауға өзінің жауапкершілігімен хақылы, олар Парламент қабылдаған заңдар күшіне енгенге дейін немесе Парламент заңдарды қабылдамағанға дейін қолданыста болады.»;

3) 4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған заң Сенатқа беріледі, ол онда алпыс күннен асырылмай қаралады.

Мәжіліс заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен тұтастай қабылдамауға хақылы. Бас тартылған заң жобасы қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады.

Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданған заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Егер Сенат заңды тұтастай немесе оның жекелеген баптарын мақұлдамаса, онда заң Мәжіліске қайтарылады. Бұл ретте Сенат Мәжіліске заңның жекелеген баптарының редакциясын ұсынуға құқылы.

Егер Сенат алпыс күннің ішінде тиісті шешім қабылдамаған жағдайда, заң Президенттің қол қоюына беріледі.

5. Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен келіссе, Мәжіліс заңды жаңа редакцияда қабылдаған және Сенат мақұлдаған болып есептеледі және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына сол көпшілік даусымен қарсылық білдірсе, сондай-ақ егер Сенат заңды тұтастай мақұлдамаған жағдайда, Палаталар арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

Заңның келісу комиссиясы тұжырымдаған редакциясы осы баптың 4-тармағында белгіленген тәртіппен Мәжілістің және Сенаттың қарауына жатады.

Мәжіліс келісу комиссиясы ұсынған редакциядағы заңды Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылдамаған жағдайларда, Мәжіліс бұрын қабылданған редакциядағы заң бойынша қайтадан дауысқа салуды жүргізеді.

Егер қайтадан дауысқа салу кезінде Мәжіліс Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен бұрын қабылданған шешімді бекітсе, заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер заң Мәжіліс депутаттарының көрсетілген көпшілік даусын алмаса, заң қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады.»;

4) 5-1-тармақ алып тасталсын.

21. 62-бапта:

1) 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Палаталар депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен заңдарды Мәжіліс қабылдайды, Сенат мақұлдайды.

Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Парламенттің және оның Палаталарының қаулылары Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.»;

2) 6-тармақ «бойынша» деген сөзден кейін «, конституциялық заңдардың жобалары бойынша» деген сөздермен толықтырылсын.

22. VI бөлімнің тақырыбындағы «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын.

23. 71-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«71-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төрағаны қоса алғанда, он бір судьядан тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады.

Бір адам Конституциялық Соттың судьясы болып қатарынан екі реттен артық тағайындала алмайды.

2. Конституциялық Соттың Төрағасын Парламент Сенатының келісімімен Республиканың Президенті тағайындайды.

3. Конституциялық Соттың төрт судьясын – Республика Президенті, Конституциялық Соттың үш-үш судьясын тиісінше Сенат пен Мәжіліс тағайындайды.

(Жалғасы 2-бетте).

Ж О Б А

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

(Жалғасы. Басы 2 - бетте).

Республика Президенті Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот судьяларының арасынан тағайындайды.

4. Конституциялық Соттың судьясы қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтен басқа, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

5. Конституциялық Соттың судьяларын өздерінің өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

6. Конституциялық Соттың ұйымдастырылуы мен қызметі конституциялық заңмен реттеледі.».

7. 72-бапта:

1) 1 және 2-тармақтардағы «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 3, 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Конституциялық Сот азаматтардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін олардың өтініштері бойынша қарайды.

Азаматтардың Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары конституциялық заңда айқындалады.

4. Конституциялық Сот осы баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін Республика Бас Прокурорының өтініштері бойынша қарайды.

5. Конституциялық Сот Конституцияда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Республика Конституциясына сәйкестігін Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өтініші бойынша қарайды.».

6. 73-бапта:

1) 1 және 2-тармақтардағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Конституциялық Сот өз шешімін конституциялық заңда белгіленген мерзімдерде шығарады.».

26. 74-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен немесе ол белгілеген күннен бастап конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілердің, олардың жекелеген ережелерінің күші жойылады және қолданылуға жатпайды.»;

2) 3-тармақтағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен

ауыстырылсын.

27. VII бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«VII бөлім

Соттар және сот төрелігі. Прокуратура. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл».

28. 78-баптағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын.

29. 82-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын Республика Президенті Парламент Сенатының келісімімен бойынша тағайындайды.

5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі, құрамын қалыптастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру заңда айқындалады.».

6. 83-баптың 4-тармағындағы «заңмен» деген сөздер « конституциялық заңда » деген сөздермен ауыстырылсын.

7. Мынадай мазмұндағы 83-1-баппен толықтырылсын:

«83-1-бап

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.

2. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.

3. Қылмыс орнында ұстап алынған немесе ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа кезде, Адам құқықтары жөніндегі уәкілді өз өкілеттігінің мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

4. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы және қызметін ұйымдастыру конституциялық заңда айқындалады.».

5. 87-бапта:

1) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін тиісінше облыстың аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттары депутаттарының келісімімен Республика Президенті қызметке тағайындайды.

Республика Президенті дауыс беру жүргізілетін кемінде екі кандидатураны ұсынады. Дауыс беруге қатысқан мәслихат депутаттарының көп дауысын алған кандидат олардың келісімін алды деп есептеледі.

Өзге әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен қызметке тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ қызметінен босатылады. Республика Президенті өзінің ұйғаруы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметінен босатуға құқылы.»;

2) 5-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны

қызметінен босату жөнінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне қатысты тиісінше Республика Президентінің не өзге де әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдеріне қатысты жоғары тұрған әкімнің алдына мәселе қоюға құқылы.».

33. 88-баптың 4-тармағындағы «Президенті,» деген сөз алып тасталсын.

34. 91-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгермейді.»;

2) 3-тармақтағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

35. Мынадай мазмұндағы 99-баппен толықтырылсын:

«99-бап

1. Конституциялық Сот және Жоғары аудиторлық палата құрылғанға дейін Конституциялық Кеңестің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағалары мен мүшелері өз өкілеттіктерін сақтайды.

Конституциялық Сот құрылғанға дейін Конституцияның 72-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген Конституциялық Соттың функцияларын Конституциялық Кеңес жүзеге асырады.

2. Конституцияға қайшы келмейтін бөлігінде оларды Конституциялық Сот қайта қарағанға дейін қолданылады.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының Парламент Палаталарын қалыптастыру туралы ережелері сегізінші сайланған Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауынан бастап қолданылады.».

2-бап.

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының конституциялық заңдарды және заңдарды қабылдау тәртібін, сондай-ақ Конституциялық Соттың қызметін айқындайтын ережелері 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2023 жылдың 1 қаңтарына Мәжіліс мақұлдаған және Парламенттің қарауындағы заң жобалары заңдар болып есептеледі және Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабында белгіленген тәртіппен қаралады.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының лауазымды адамдарға өкілеттіктер берудің жаңа тәртібін белгілейтін нормалары, егер Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеше көзделмесе, осы лауазымды адамдардың өкілеттік мерзімінің өтуіне немесе өкілеттігінің тоқтатылуына қарай қолданысқа енгізіледі.

3. Жоғарғы аудиторлық палатаның құрамы қалыптастырылғанға дейін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыруды жалғастырады.

3-бап. Осы Заң референдумның қорытындылары туралы хабарлама ресми жарияланған күнінен бастап, осы Заңның 2-бабының ережелері ескеріле отырып қолданысқа енгізіледі.

https://egemen.kz

* * * * *

БИЛЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ

Қазақ елі тарихының тамаша бір тармағы – қазақтың ата жолын, қазіргі құқық деп аталатын ұғымға толық сәйкес келетін әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері және қоғамдық өмірдегі қатынастары. Олардың сол кезеңдегі қазақ қоғамы үшін ерекше мәні болды. Қазақ елінде құқықтық әдет-ғұрып нормаларының қалыптасуы, оның мемлекет ретінде қалыптасу кезеңімен тұспа-тұс келуі.

Би – бірінші кезекте халыққа сот төрелігін шынайы, әрі тұрашылдықпен жүзеге асыруда әділ билігімен танылған, соттық функцияны атқаратын мемлекеттік қызметші. Ол сот ісін жүргізгенде өзі қадағалайтын тәртіптілікті қатаң сақтай отырып, істің күрделілігі мен екі жақ тараптардың ықылас-мүдделеріне баса назар аударған. Сонымен бірге, іске қатысатын тараптардың өкілдері мен өзге де қатысушылардың мүмкіндігін шектемей, жариялықты қатаң сақтайтын әділ төреші болған. Би соттың дәлелдеу қорытындысында екі тараптың бірі жеңіп, бірі жеңіліп емес екі жаққа да шындықты мойындата білген. Халық алдында өзінің шынайы шешімімен тараптарды татуластырса ғана әділ ісімен даңқы артқан. Ондай билердің атақ-абыройы бүкіл елге тарап, мыңдаған шақырымдардан даушылар іздеп келіп, жүгініске отырған. Сондықтан, Қазақ елінің билер соты барша жұрт алдында кәсіби жағынан әбден шыңдалған, тәуелсіз сот билігі ретінде сақталып келді. «Адал би – әділ би» деген принцип содан

қалған.

Бұл туралы академик Салық Зиманов өзінің төрт тілде шыққан «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» деген кітабында: «Қазақтың билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып, тараптардың арасында, рудың арасындағы бітімгершілікке және бірлікке қол жеткізуге тырысатын. Билер сотының осы асқақ мұраттарының талабына жауап беру үшін билер дала даналарының мектебінен өтуге, алдыңғы ұлы билердің сынынан сүрінбеуге тиіс болған» дейді.

Билер – өз заманының дәстүрлі құқықтары мен әдет-ғұрып ережелерін заңи тұрғыдан реттеп, заман ағымына қарай жаңартып отыратын білікті заңгерлер. «Заманына қарай – заңы, орманына қарай – аңы болады» деген қағида ізімен тозығы кетіп, озығы жеткен заңнама үлгілерін уақытына сай жаңғыртып, елді біртұтас білікті заң ережелерімен қамтамасыз етуді де өз мойнына алған. Мемлекеттік істерде заң саласын жетік білетін сұңғылалығымен ел мүддесіне қажет ереже-қағидаларды нормашығармашылық және заң талқылау қабілеттілігімен иін қандырып, құқықтық қолданысқа енгізетін білікті заң маманы бола білді.

Мәселен, Майқы бидің «түгел сөзі», Әз Жәнібек ханның «әдет-ғұрыптары», «Қасқа жолды Қасым ханның», «Тұра жолды Тәуекел ханның», «Ескі жолды Есім ханның», одан кейінгі «Әз Тәукенің «Жеті Жарғысын» мемлекет атынан

қолданылатын заң дәрежесіне жеткізіп, талқылаған, сөйтіп қоғамдық қарым-қатынасқа енуіне кепілдік берген сол заманның атақты билері болатын.

Тарихи тұрғыдан зер салып қарағанда, Қазақ еліндегі билер институты мемлекет мүддесі үшін ежелгі антикалық дәуірден ХХ ғасырдың басына дейін, қысқасы Ресей империясының әкімшілік билік жүйесі енгізген халық соты мызғымаған тұста және Кеңестік сот жүйесі үстемдік алғанға дейінгі аралықта өмір сүріпті. Бір сөзбен айтқанда, мыңдаған жылдар Қазақ елінің мемлекеттік құрылым жүйесіне, дәстүрлі құқығына өлшеусіз үлес қосқан билердің мемлекеттік билік саласында және әділ сот үшін атқарған қызметінің салмағын терең ұғыну – тарихтағы ажырамас бірегей танымдылық.

Біз осы ойымызды қорытындылай келе Қазақ елінің ежелгі заманынан берігі көшпелі және жартылай отырықшы тұрмыс-салты мен әлеуметтік-саяси дамуындағы ұзақ жылдарда әртүрлі қоғамға қызмет еткен мемлекет билігіндегі билердің рөлі мен билер соты және олардың әлеуметтік мәртебесі осындай дүниежүзілік үлкен ғылыми конференцияда жан-жақты талқыланып, аса құнды баға берілуі – билер сотының ұмытылуға айналған мәртебесін қайта жаңғыртуға мұрындық болады деп үлкен сенім артамыз.

Қ.Б.ӘЛНӘЗІРОВ,

Тайынша ауданының №2 аудандық сотының төрағасы.

Референдумның негізгі мақсаты – ашықтық және халықпен кері байланыс орнату



Ел Президенті Халыққа Жолдауында алдағы уақытта саяси жүйеде түбегейлі өзгерістер болатындығын атап өтті. Бүгінде елімізде үлкен саяси науқан жүргізілуде. Жолдаудан кейін көтерілген мәселелер республикалық референдумда жалғасты. 5 маусым күні бүкілхалықтық референдум өткізіледі. Референдумның негізгі мақсаты – ашықтық және халықпен кері байланыс орнату. Ата Заңымыздың 33 бабына өзгеріс енгізіледі. Қазіргі таңда біздің аудандық қоғамдық штат құрылды. Онда қоғам белсенділері, ардагерлер, түрлі саланың жетекшілері, қоғам қайраткерлері бар. Бұл штаттың негізгі мақсаты – Конституциялық өзгерістерді халыққа кеңінен түсіндіру

болыптабылады. Барлық аудан көлеміндегі мекемелер мен ауылдық округтер, жекелеген елді мекендерде халыққа түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, референдумда ұсынылған өзгерістер талқылануда. Өткен аптада облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Е. Елеусизов мырза мен халық қалаулысы С.Сурағанова аудандық тайыншалықтармен кездесу өткізді. Кездесу барысында біршама сұрақтар қойылып, тиісті жауаптар берілді. Халықты ең көп толғандыратын сұрақтар: азық-түлік бағасының шамадан тыс көтерілуі, зейнет жасы және тағы да басқа да сұрақтар болды.

Ағымдағы жылдың 16 мамырында аудандық мәслихат хатшысы С. М. Бекшенов және мәслихат аппаратының қызметкерлері облыстық мәслихат хатшысы В. С. Бубенконың және облыстық мәслихат депутаты Е. С. Алпысовтың жергілікті мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерімен, азаматтармен және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен «AMANAT» партиясының аумақтық филиалы базасында өткен кездесуіне қатысты.

Тоқаевтың республикалық референдумға шығарған прогрессивті конституциялық реформаларының маңыздылығы туралы айтып, Қазақстан Республикасы Конституциясының баптарына негізгі түзетулерді түсіндірді, сондай-ақ дауыс беру рәсімі қалай өтетінін түсіндірді.

Кездесу барысында штаб мүшелері алдағы референдум бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, соңында жиналған көпшілікті 5 маусымда өз дауысын беру үшін референдумға келуге шақырды.

2022 жылғы 24 мамырда «AMANAT» партиясының отырыс залында аудандық мәслихат депутаттарының қатысуымен 5 маусымда өтетін бүкілхалықтық референдумды және Президенттің конституциялық реформаларын талқылау бойынша дөңгелек үстел отырысы өтті. Халық қалаулылары алдымыздағы саяси

науқан бойынша өз ойларын ортаға салды. Аудан бойынша осы бағытта атқарылған жұмыстарын қорытындылаған депутаттар 5 маусым күні өтетін саяси іс-шараның өз деңгейінде өтетініне сенімді. Барлық ауылдық округтердегі жүргізіліп жатқан жұмыстар, халықпен кездесулер бұған бірден бір дәлел деуге болады.

РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Конституциялық реформа нені көздейді? Референдумға қатысу несімен маңызды? Осы сұрақтарға Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингінде ҚР Президенті жанындағы “Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты” директорының орынбасары Алуа Жолдыбалина жауап берді.

Жалпыхалықтық референдумның өтуіне саусақпен санарлық күн қалды. Ел тарихындағы елеулі оқиға қарсаңында еліміздің барлық аймақтарында арнайы сауалнама ұйымдастырылуда. Солардың бір қатары:

Алуа Жолдыбалина, ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары:

– Мамырдың 9-ы мен 12-сі аралығында біз әлеуметтік зерттеу жүргіздік. Яғни, телефондық сауалнама жүргіздік. Сауалнамада отандастарымызға “Референдум жайлы білесіздер ме?”, “Маңызды саяси шара қай күні өтеді?” деген сұрақтар жолдадық. Бүгінде Президенттің бастамасын 76,4 пайыз халық қолдап отыр. Ал халықтың 66,4 пайызы референдумға қатысамын деген пікір

қалдырды. Референдумға қатысу өте маңызды. Естеріңізге сала кетейік, биыл Ата заңның 3/1 бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Қазіргі таңда арнайы құрылған штаб мүшелері халыққа жаңашылдықтар жайлы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Алуа Жолдыбалина, ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары:

– Конституцияға енгізілетін өзгерістер – тарихи өзгерістер. Мысалы: Парламентке, оның ішінде Мәжіліске, Сенатқа және Президенттің өзінің өкілеттілігіне қатысты өзгерістер орын алады. Өлім жазасына, адам құқықтарына қатысты да көптеген өзгерістер бар.

Бұл маңызды саяси іс-шараның басты өзгешелігі – халықтың пікірі мен ұсыныстары, талап-тілектері міндетті түрде ескеріледі. Яғни, алдағы бүкілхалықтық референдум Президент ұсынған “Халық үніне құлақ асатын мемлекет” тұжырымдамасының айқын көрінісі болмақ.

Дана Ешкенова, журналист.

Бүгін ағымдағы жылдың 24 мамырында сессияға мәселелерді дайындау шеңберінде Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаттары О. Г. Клишина, С. Қ. Сұрағанова, Е. С. Алпысов 2021-2025 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы аумағын дамыту бағдарламасын іске асыру және халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мәселелерімен танысу мақсатында Тайыншаға келді.

Депутаттар «Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ және «Надежда» Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығында болды.

Сонымен қатар, депутаттар жылу трассасын жаңғырту, «Центральный» тұйық көшесіндегі саябақ аллеясын жөндеу және «Аудандық мәдениет үйі» МКҚК жөндеу бойынша жүргізілген жұмыстармен танысты.

Сондай-ақ, сапар аясында Чкалово ауылының мәдениет үйіне барды. Сапар соңында облыстық мәслихат депутаттары азаматтарды қабылдады.

Бұл кездесуге аудандық мәслихат депутаты Н. Н. Трифонов қатысты.

РЕФЕРЕНДУМДЫ ТОЛЫҚ ҚОЛДАЙМЫЗ

«Болашақ» бөбек-балабақшасында «AMANAT» партиясының аудандық филиалының жауапты хатшысы М.Ж.Хамзин алдағы конституциялық реформалар мен атқарылатын ауқымды жұмыстар туралы кеңінен айтып өтті. Ол еліміздің негізгі Заңына 31 бапқа өзгерістер мен 2 жаңа бап қосуды көздейтін өзгерістер туралы толық ақпарат берді. Отырыс барысында балабақша қызметкерлері референдумға қатысты сұрақтар қойып, тиісті жауаптарын алды. Жиында М.Ж.Хамзин 5 маусымда өтетін референдумға келіп, дауыс беруге шақырды. Мен қазақ тілінің маманы ретінде елімізге көп өзгерістер келтіретін, болашағымыздың жарқын болуына ықпал ететін референдумды қолдауға ниет білдірдім. Біздің балабақша ұжымы да бұл референдумды толықтай қолдайды.

Назигүл Қапашева, «Болашақ» бөбек-балабақшасы, қазақ тілі мұғалімі.

• Жемқорлыққа жол жоқ!

АДАЛ ӨМІР СҮРУГЕ ШАҚЫРДЫ

«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы Республикалық қоғамдық бірлестігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру бойынша іс-шаралар кешенін өткізу әлеуметтік жобасы аясында М. Қозыбаев атындағы СҚУ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы дәріс өткізді. Студенттермен осы кездесу қоғамда сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік атмосферасын құруға, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған, жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке қатысуын көздейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігінің СҚО бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Нұрлан Жахин, «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының төрағасы Темірғали Әбілмәжинов, «Қызылжар - адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің басшысы Сәлімхан Сәбитов, ЖОО-ның комплаенс-офицері Ирина Джемалединова парасаттылық, адалдық қағидаттары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық ұйымдардың жұмысы және сыбайлас жемқорлық фактілері туралы қайда хабарлауға болатыны туралы айтып, студенттерді адал өмір сүруге шақырды. Сондай-ақ, өз сөзінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Нұрлан Жахин 2022-2026 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасына тоқталып өтті. «Тұжырымдамада білім беруге көп көңіл бөлінеді. Парасаттылық жүйесін қалыптастыру кезінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермейтін жаңа көзқарастар мен өмірлік қағидаттары бар жас ұрпақты тәрбиелеу қағидатты маңызды рөл атқарады. Парасаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тақырыптары білім беру жүйесіне қосылатын болады», - деді Нұрлан Жахин

Дәріске Солтүстік Қазақстан облысының жоғары және арнайы-орта оқу орындарының 150-ге жуық студенті қатысты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің СҚО бойынша департаментінің баспасөз қызметі.

* * * * *

• Ақпараттық хабарлама

АЛАЯҚТЫҚПЕН АЙНАЛЫСАТЫН САЙТТАР МЕН МОБИЛЬДІК ҚОСЫМШАЛАР

Ұлттық Банк алаяқтықпен айналысатын сайттардың көбейгенін ескертеді. Олар өзін жеке инвестиция тарту үшін Ұлттық Банк әзірлеген бағдарлама ретінде таныстырады. Ондай «бағдарламалардың» кейбірінде мобильдік қосымша да бар.

Анықталған ресурстарда «Мемлекеттік алтын-валюта қорынан» немесе «Қазақстанның ұлттық ресурстарынан» түсетін кірісті бағдарламаға қатысушылардың пайдасына бөлу туралы жалған ақпарат орналастырылған. Сондай-ақ, Ұлттық Банк басшылығының, оның ішінде бұрынғы басшылардың атынан шындыққа сәйкес келмейтін мәлімдемелер, қолданыста жоқ лицензиялардың нөмірлері, жалған құқық белгілейтін құжаттардың скан-көшірмелері де берілген.

Мұндай ресурстарда алаяқтық әрекеттердің белгісі анық білінеді, өйткені:

- Ұлттық Банк жеке тұлғалардың шоттарына қызмет көрсетпейді, ақшалай есеп айырысулар мен мәмілелер жасамайды;
- Ұлттық Банк «Мемлекеттік қорлардан» пайда табу үшін қандай да бір платформаларды әзірлеуге қатыспайды;
- Байланыс құралы туралы ақпарат, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында тіркелген құқық белгілейтін құжаттар немесе тиісті лицензиялар көрсетілмеген (бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының лицензиялары бар ұйымдардың тізбесі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми сайтында «Қаржы нарығы» бөлімінде жарияланған).

Түптеп келгенде мұндай фейк сайттардың мақсаты – кездейсоқ интернет-пайдаланушының жеке деректерін жинау және ақша ұрлау. Ұлттық Банк мұндай жарнамаларды елемеге, керісінше, бұл контентті алаяқтық деп белгілеуге, ал жеке ақпараттың тарап кетуіне жол берілген жағдайда алаяқтық фактісі бойынша іс тексерілуі үшін тиісті өтінішпен құқық қорғау органдарына жүгінуге кеңес береді.

Толық ақпаратты келесі телефон арқылы алуға болады: +7 (7172) 77-52-05 e-mail: press@nationalbank.kz www.nationalbank.kz

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ МЕРИТОКРАТИЯ ҚАҒИДАТЫН ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның басты басымдықтарының бірі негізінде мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметшілердің қызметін қоғамға қызмет етуге бағдарлау жататын меритократия қағидатын іске асыру болып табылады.

Халықаралық тәжірибеде меритократия мемлекеттік қызметшінің еңбегі лайықты бағаланып, оған кәсіби, мансаптық және әлеуметтік өсу үшін мүмкіндіктер ашатын кезде, оның сіңірген еңбегін тану ретінде қарастырылатынын атап өткен жөн. Меритократия кезінде мемлекеттік қызметке ең лайықты, өнегелі, білікті, талантты және еңбекқор адамдар келеді. Мүмкіндіктердің бұл теңдігі азаматтар үшін әлеуметтік лифттің негізін құрайды.

Мемлекеттік қызметті реформалаудың қазіргі кезеңінде кадрларды іріктеу және жоғарылату кезінде меритократия қағидатын күшейту жөніндегі жаңа шаралар іске асырылуда. Қазақстан Республикасының заңнамасында бірінші кезекте мемлекеттік қызметке түсушілер үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурстық іріктеудің объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету көзделген. Тестілеу конкурстық іріктеуге байланысты өткізіледі. Тестілеуден оң нәтиженің қорытындысы бойынша өткен үміткерлер Қазақстан Республикасының барлық аумағында түрлі конкурстарға қатысуға құқық беретін сертификаттар алады. Конкурстық рәсімдердің ашықтығы бақылаушылардың қатысуымен, оның ішінде қашықтықтан өткізілетін барлық әңгімелесулерді жүз пайыз қамту есебінен қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, 2022-2023 жылдарға арналған «Е-қызмет» ақпараттық жүйесін жаңғырту бағдарламасын іске асыру үшін перспективада осы жылдың соңына дейін мемлекеттік қызметке іріктеу және қабылдау процесін толық цифрландыру жоспарланып отыр, бұл толық ашықтықты қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметке тұрғаннан кейін азаматтар мемлекеттік орган ішінде одан әрі мансаптық өсуге үміткер бола алады. Біздің облыста қатысқан мемлекеттік қызметшілердің 75% - ы ішкі конкурстарға мансап сатысымен көтерілді.

Бұған қоса, гендерлік теңдік сақталады. Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметте әйелдердің 59% жұмыс істейді. Басшылық лауазымдарда олардың үлесі 44,2% құрайды, оның ішінде облыстық мемлекеттік орган басшысы лауазымында 3 әйел, аудан әкімдерінің орынбасарлары - 9.

Облыстың көптеген мемлекеттік қызметшілері төменгі лауазымдардан бастап басшылық лауазымдарға көтерілді.

Соңғы мысалдардың бірі - жаңадан құрылған цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Азамат Байтеміровтің мансаптық өсуін атауға болады. Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті мен Заң Академиясының түлегі еңбек жолын 2001 жылы аймақтық білім берудегі жаңа технологиялар орталығында бастады. 2003 жылы Мемлекеттік қызметке білім департаментінің жетекші маманы лауазымына орналасты. 2008-2013 жылдар аралығында облыс әкімі аппаратының электрондық мемлекеттік қызметтер бөлімінің меңгерушісі, одан әрі ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметтер бөлімінің басшысы лауазымдарында жұмыс істеді. Алынған жұмыс тәжірибесі мен істі білуі енді ақпараттандыру, мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингі және өңірді цифрландыру саласында басшылықты жүзеге асыратын жаңа мемлекеттік органда табысты іске асырылуда.

Меритократия мысалдарына аудан әкімінің орынбасары Шал ақын және Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары лауазымына Президенттік Жастар кадр резервіне іріктеуде жеңіске жеткен жерлестерімізді тағайындау жатады.

9 аудан және Петропавл қаласының әкімдері Солтүстік Қазақстан облысының тумалары болып табылатынын айта кеткен жөн.

Мемлекеттік аппаратты қалыптастырудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында заңмен лауазымды адамдардың заңсыз кадрлық ауыстырулар үшін жауапкершілігі көзделген. Мемлекеттік қызметшілер жұмысының тиімділігі мен сапасын айқындау үшін жыл сайын олардың қызметін бағалау жүргізіледі, ол кадрлық шешімдер қабылдау және көтермелеу үшін негіз болып табылады.

Осылайша, заң ережелерінің негізгі индикаторлары кадрларды іріктеу жүйесіне халықтың сенім деңгейін және мемлекеттік қызметшілердің меритократия қағидаттарын сақтауға сенім деңгейін арттыру болып табылады, бұл кәсіби және тиімді мемлекеттік аппаратты қалыптастырудың негізіне айналады.

Гүлнар СӘРСЕМБАЕВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша
департаментінің бас маманы.



«ЕҢБЕК ЖОЛЫ» - 2022 КОНКУРСЫ

2022 жылғы 1 мамыр бен 01 шілде аралығында «Еңбек Жолы» байқауына қатысуға ниеттенген үміткерлерден өтінімдер қабылдана бастады.

Конкурс «Үздік еңбек әулеті», «Өндірістің үздік жас қызметкері», «Жұмысшы жастардың үздік тәлімгері» номинацияларынан тұрады.

Аталған конкурс жастарды еңбекке құрметпен қарау, еңбек дәстүрлерін сақтау және көбейту рухында тәрбиелеу мақсатында үздік еңбек әулеттері мен өндіріс қызметкерлерін анықтайды. Конкурс қоғамдағы еңбек адамының мәртебесін арттыруға және «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» ұраны аясында еңбек өнімділігін ынталандыруға ықпал етеді.

Конкурс 2 кезеңде өтеді: «Еңбек жолы» конкурсы жеңімпаздарын облыстық және республикалық деңгейде іріктеу.

Республикалық комиссия жеңімпаздарды конкурстың әр номинациясы бойынша (бірінші, екінші, үшінші орындар) анықтайды.

Конкурсқа кәсіпорындардың (саласына қарамастан) барлық қызметкерлері қатыса алады.

«Үздік еңбек әулеті» - ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар ең үлкен әулет таңдалады.

«Өндірістің үздік жас қызметкері» - өндірістің еңбек өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбекқор қызметкері таңдалады.

«Жұмысшы жастардың үздік тәлімгері» - кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең белсенді және тиімді тәлімгер таңдалады.

«Еңбек Жолы» конкурсын өткізу жөніндегі әдістемелік ұсыныстарға сәйкес «Еңбек Жолы» облыстық конкурсына қатысу үшін үміткерлерден алынған ресімделген материалдарды «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ. Мекен жайы: Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 203 2022 жылғы 01 шілде күні дейінгі мерзімде қолма-қол ұсыну қажет.

Еңбек әулеттерінің өкілдерін, сондай-ақ ынталы жас қызметкерлерді сондай-ақ олардың тәлімгерлерін Конкурсқа белсенді түрде қатысуға шақырамыз.

* * * * *

ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДІҢ МӨЛШЕРІ

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – Қор) еңбекке қабілеттіліктен және асыраушысынан айырылуы жағдайларына төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшері 5%-ға, 2022 жылғы 1 сәуірден бастап қосымша 4%-ға арттырылды. Осылайша бұл төлемдердің жалпы сомасы өткен жылмен салыстырғанда 9%-ға өсті.

Жұмыс істейтін азаматтар бұл төлемдерді базалық мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларға қосымша алады.

Қордан еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайына әлеуметтік төлемді 81665 адам, оның ішінде Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2 413 адам алуда. Егер бюджеттен алатындар үшін мүгедектік бойынша жәрдемақының орташа мөлшері 54 608 теңгені құраса, ал Қордан төленетін төлемді қоса есептегенде жалпы сома 84 353 теңгені құрайды.

Қордан асыраушысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлемді 54215 адам, оның ішінде Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 1 515 адам алуда. Егер бюджеттен алатындар үшін асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақының орташа мөлшері 45 627 теңге болса, ал Қордан төленетін төлемді қоса есептегенде жалпы сома 76 443 теңгені құрайды. Осылайша, жұмыс істейтін азаматтардың төлемдерінің орташа мөлшері жұмыс істемеген алушылармен салыстырғанда шамамен 30 мың теңгеге жоғары.

Сонымен бірге, 2022 жылғы 1 сәуірден бастап айлық есептік көрсеткіштің ұлғаюына байланысты Қордан 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлемді ең төменгі деңгейде алушы 244000-ға жуық, оның ішінде Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 3296 адамға төлем мөлшері ұлғайтылды.

Қордан төленетін әлеуметтік төлемдердің ұлғайтылған сомасы ағымдағы жылдың маусым айында сәуір, мамыр және маусым айларына төленетін болады.

А.С. ЖҮНИСОВА,

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалының директоры

2022 ЖЫЛ – БАЛАЛАР ЖЫЛЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа жылдық құттықтауында балаларға ерекше көңіл бөлу керектігін жеткізді. Президент өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағын жалпыұлттық міндет деп танып, 2022 жылды Балалар жылы деп жариялады. Осы ретте Тайынша ауданы Ясная Поляна ауылында балалардың слөті өтті. Оған ауданның білім беру мекемелерінің оқушылары мен колледж студенттері қатысты. Мерекелік іс-шараны ұйымдастырған - аудандық мәслихат депутаты, ал аудандық мәслихат депутаты, ұлағатты ұстаз А.Б.Мұхаметғалиева осы жиынды өткізуде өз жобаларымен ерекше белсенділік көрсетті.

Тәуелсіз елдің болашағы жастарға аманат. Түр-тұлғасы бөлек, парасат-пайымы ерек жүзден жүйріктер. Абайша айтсақ, нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүректі жас буын. Аталған қасиеттердің барлығы шарада бас қосқан мына ұл-қыздардың бойында бары анық. Бүгінгі күні Тайынша ауданында 52 мектеп бар. Онда 5 877 оқушы білім алады. Басым бөлігі түрлі халықаралық, республикалық және облыстық деңгейде өтіп жүрген мәдени, спорттық сайыстарда биік шыңдардан көрініп жүр. Ясная поляна ауылында өткен балалар слөтінде 11 мектеп пен 1 колледждің президенттері мен парламенті бас қосып, түрлі тақырыпта ой қозғады. Жалпы слөттің тақырыбы «Жаңа Қазақстан құру жолындағы жастардың рөлі». Сол себепті шарада мектепшілік парламенттер бас қосты. Олар білім беру мекемесінде қандай жұмыс атқарғанын айтып, өздеріне берілген тақырыпты дебат түрінде қорғап шығулары тиіс. Қатысушылар Отан, бірлік, татулық, экология және өзге де тақырыптарда өз ойларын ортаға салды. Жиын барысында облыстан келген мейман - М.Т.Науанова сөз алып, мерекелік іс-шараның негізгі

мазмұнына тоқталып өтті. Теңдік орта мектебінің «Әділет» дебат командасы мұндай шараларға жиі қатысады. Тәжірибесі мол құрама пікірталастың арқасында жастар өздерінің ойымен еркін бөлісті. Сол қатысушылардың бірі Жансая Рахат тілшілерге берген сұхбатында:

- Біз бүгін дебат қозғалысы жайында ақпараттар алып келдік. Яғни дебат ойынының адам өміріне пайдасы және дебат ойыны арқылы біз қандай жетістіктерге жете аламыз. Сол жайында көрермендерге түсіндіруге тырыстық, деді. Ал, Тайынша қаласының № 5-ші орта мектебінің «Шабыт» командасы

«Ел болашағы» тақырыбында жиналған қауыммен өз ойларымен бөлісті. Ұл-қыздардың сөзінше болашақ жастарға тікелей байланысты, сол себепті бүгінгі күннің балалары оқу-білімге, өнерге құштар болулары тиіс. Әсел Ташмақанова «Шабыт» командасының намысын қорғаумен қатар, өз ойымен де бөлісті.

- Қазіргі кезде елімізде балалар мен жасөспірімдерге, жастардың дамуына көп күш жұмсалып жатыр. Және де бұл балаларға берілетін өте керемет мүмкіндік деп ойлаймын. Сондықтан мұндай мүмкіндіктерді жіберіп алмай, әртүрлі ән байқаулар, би байқауларына қатысып, өзімізді өзіміз шыңдап, алға ұмтылуымыз керек, - дейді.

Балалар слөтіне оқушылармен қатар мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тәрбиеленушілері де қатысты. Олар да өз ойларымен бөлісіп, жас бүлдіршіндер еліне, ата-ана, достарына тілектерін жеткізді.

2022 жыл – Балалар жылына орай соңында аудан әкімі Руслан Анбаев ұл-қыздарды Балалар жылымен құттықтап, слөтке белсенді қатысқан командаларға алғыс хаттармен бағалы сыйлықтар табыс етті.

Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, тілші.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ - ЖАҢАША ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ДАЙЫНБЫЗ



Ясная Поляна мәдениет Үйінде өткен «Жаңа Қазақстанды қалыптастыруда жастардың рөлі» атты мектеп парламенті мүшелерінің аудан әкімімен кездесуі өтті. Кездесудің жастарға берері мол болғаны анық, онда мектептен тыс және мектепшілік шаралардың маңызы, мектеп парламентінің негізгі міндеттері мен мақсаты, жастардың мектептің қоғамдық өміріне қосар үлестері айтылды. Мысалы, бір мәселе, дебат үйірмесінің пайдасы, дұрыс әрі нақты сөйлеу, өз

ойын ашық білдіру айтылса, екінші бір оқушы ана тілімізде, қазақ тілінде сөйлеудің маңызы туралы ой қозғады, келесі оқушы экологияның адамға берері мен оған адам беріп жатқан зардапты жастарға анық жеткізе білді. Әр команданың қозғаған мәселелесі қазіргі кездегі ең өзекті әрі шешімін таппаған проблемалардың бірі. Бұл кездесу көп адамға ой салып, болашақта тек оң әсерін тигізері анық.

Алабота орта мектебінің мектеп Парламенті.

ЦИФРЛЫҚ ЖОБАЛАР

Жыл санап цифрлық жобалар күнделікті өмірге дендеп келеді. Қазіргі таңда үйден шықпай-ақ көп істің басын қайыруға болады. Айталық, электронды үкімет порталы арқылы қажетті анықтамаларды жүктеуге, түрлі мобильді қосымшалар арқылы дәрігерлердің қабылдауына жазылуға мүмкіндік бар. Тіпті, балабақшаға кезекке тұру мен 1-сыныпқа қабылдау туралы өтініштер электронды түрде қабылданады. Десе де, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау үшін әлі де тың цифрлық жобалар қажет. Осы мақсатта өңірде жобаларды қабылдап, қарастырып, кейін үздіктерін електен өткізетін арнайы сайт іске қосылды. Оның жұмыс барысы мен байқауға қатысушыларға қойылатын талап өте жоғары.

- Аталмыш сайт наурыз айында іске қосылып, бүгінде цифрлық жобаларды іске асыру алаңына айналып үлгерді. Мұнда білім беру, денсаулық сақтау, кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және тағы басқа көптеген салаға қатысты жаңа идеялар, тың көзқарастарды қаузаған жобалар қабылданады.

Бұл жаңашылдық күн сайын өзгеріп жатқан жаһандық желінің мүмкіндіктеріне ілесу үшін қажет. Тұрғындардың сұраныстарына сәйкес электронды қызмет түрлері түрленіп, бұрынғыдан да қолайлы болуы тиіс. Сондықтан осындай талаптарға сай келер цифрлық жобаларды іздеуге білек сыбана кірістік. Бізге экономиканың, өндірістің, жалпы қоғамның дамуына өзгерістер әкелетін электронды қызметтер қажет. Сондай-ақ, сол арқылы старт-ап жобаларды қолдамақ ниетіміз бар.

- Аталмыш сайтқа көкейде жүрген цифрлық жобаны жолдау үшін қайтпек керек?

- Алдымен DigitalErtis.kz сайтына кіріп, «Жобаны тіркеу» деген батырманы басып, мәліметтерді толтыру керек. Кейін портфjлионы жүктеп, сайтқа орналастыруы тиіс. Бұл ретте қатысушының жасы, таңдаған тақырыбы маңызды емес. Ұсынған идеясы қоғамға қажет, қызықты, өзекті әрі толымды болса жеткілікті. Олардың қатарынан үздіктері іріктеліп, қажет болса одан әрі толықтырылады. Қысқасы, сіз идея ұсынсаңыз, біз оны қарастырып, озығын тандап, кейін бірге жүзеге асырамыз.

- Ал үздік жобалар қалай анықталады?

- Облыстық цифрлық технологиялар басқармасы порталда ұсынылған жобаларды қарап, оларды жобаның толықтығы, өзектілігі, қолайлылығы, сұранысқа сай болуы, әлеуметтік әсері мен іске асырудың кезеңдеріне қарай іріктейді. Осы қағидалардың барлығына сәйкес келген жобалар тізімі DigitalErtis.kz сайтына жарияланады. Қарапайым тұрғындар сол тізімдегі идеяларды қарап, көңілінен шыққанына дауыс беретін болады. Көпшіліктің қолдауына ие болған жобалар қаржыландырылып, оларды іске асыру тетіктері қарастырылады. Аймақ үшін шын мәнінде қажет жобалар іріктеледі деген сенім мол.

Құндыз ҚАБЫЛДЕНОВА, тілші.

ТЕМІРЖОЛ - АСА ҚАУІПТІ АЙМАҚ

Көкшетау станциясындағы Желілік полиция бөлімі қызмет көрсету учаскесінде поездардың адам басып кету фактілерін алдын алу, сондай-ақ балалардың теміржолдағы қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін ескерту бойынша «Тоқтаңыз! Басып кету қаупі бар!» акциясы ағымдағы жылғы 17-25 мамыр аралығында өтті. Сонымен, осы акция аясында 2022 жылдың 18 мамырында Тайынша станциясындағы ЖПБ ППТ полицейі полиция старшинасы Т.Құдайбергенов., Тайынша станциясының инженер-технологы О.В.Трубилко, «ӘТЖК»ЖШС өкілімен бірлесіп Тайынша қаласының № 2 орта мектебінің 9-11 сынып оқушылары мен ұстаздарына «Теміржол - аса қауіпті аймақ» тақырыбы бойынша дәріс өткізілді. Кездесу барысында темір жолдан белгіленбеген жерден өтуге болмайтыны жайында түсіндірілді, балалар жарақаттанудың алдын алу, жолдың арғы бетіне өту үшін тек теміржол төсемдер, арнайы өтпелер арқылы өту туралы айтылды. Темір жол қауіптілігі жоғары объект және аймақ болып табылады, осыған байланысты оқушыларға жазғы демалыста абай болу және көлік объектілерінде болған кезде әрқашан қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауға, сондай-ақ темір жолдардың тек белгіленген орындарда өту туралы ескертілді. Тайынша станциясындағы ЖПБ бастығы полиция капитаны Д.Қ. Әміржанов, Тайынша станциясындағы ЖПБ полицейі полиция кіші сержанты В.Дробовской темір жолға жақын орналасқан тұрғындарға теміржол объектілерінде бөгде адамдардың болу ережелері түсіндірілді. Акция өткізілген күндері Тайынша станциясындағы ЖПБ қызмет көрсету учаскесі бойынша «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 559 бабы 5 бөлігі бойынша (белгіленбеген жерлерде теміржол арқылы өту) 6 азаматқа «ескерту» жарияланды.

Тайынша станциясындағы Желілік полиция бөлімшесі.

АБАЙ САНДЫҒЫ – АЛАШ ТАҒДЫРЫ

Зарқын ТАЙШЫБАЙ,

абайтанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Абайдың қолжазбалары сақталмағаны, ұлы ақынның қолтаңбасын «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққандығы турасынан» деген жазбасының бір ғана парағымен танып жүргеніміз баршаға мәлім. Сондай-ақ, Абайдың қолымен жазылған «Вадим» аудармасының бір ғана парағы қалған.

Осы орайда, «Абайдың қолжазбалары түгелдей жоғалып кетуінің сыры неде?» деген сұрақ көкейден кетпейді. Неге екені белгісіз, Мұхтар Әуезовтен бастап, абайтанушылардың бірде-біреуі Абайдың қолжазбаларын іздеуді маңызды мәселе етіп көтермейді. Тарихта Абайдың жеке қағаздары сақталған сандықтың болғандығы, ол сандықты сол кездегі өкіметтің әкімшілік қызметіндегі шенеуніктер, атап айтқанда, уезд бастығы Навроцкий қаттап, алып кеткендігі туралы айдан анық құжат түрінде сақталған, дәйегі мықты мағлұматтар баршылық. Түсінікті болу үшін бұл оқиғаны басынан таратайық. 1903 жылы Көкшетау мешітінің имамы Науан хазырет, дәлірек айтқанда, Наурызбай Таласұлы мен сол мешіттің жанындағы мектептің мұғалімі Шәйкен молла (Шәймерден Қосшығұлұлы) бастаған діни азаттық қозғалысқа байланысты Ресей патша үкіметінің ішкі істер министрлігі жүргізген қылмысты іске қатысы бар деп, Абайдың соңынан бақылау қойылған болатын. Сол жылдың қысында Шәймерден Қосшығұлұлы Баянауылдағы Сәдуақас Мұсаұлы Шормановқа, Абайға және басқа да беделді ел ағаларына хат жазып, бүкілқазақтық мұсылман съезін өткізу туралы ақылдасқан. Съезге дайындық ретінде қаражат жиналып жатқанын хабарлаған. Осыған байланысты Шәймерденнің поштада жатқан екінші хатын қолға түсіруге заң орындары бірталай әуреленген. Қыр өлкесінің генерал-губернаторы – ең жоғарғы әкімшілік басшысы талап етсе де жергілікті пошта-телеграф округінің бастығы «заңды бұза алмайтынын, хатты иесінен басқа адамға бермейтіндігін, өкіне отырып», сыпайы мәлімдеген. Тіпті, Ресей Ішкі істер министрінің де құзыры жүрмеген. Ақыры, 1903 жылғы мамырдың 22 күні Абайды Арқатқа шақырып, поштадан өз қолымен алдырған. Олардың хабарламасында «Ибрагим Құнанбаев Көкшетаудан № 802/87 тіркеумен келген хатты өзі алып, ашпай маған берді», деп жазған. «Мен аштым, қырғыз (қазақ З.Т.) тілінде жазылған жазу 25 сәуірде Құнанбаевты тінтенде шыққан хатты жазған адамдыкі», деп көрсеткен. Осылайша Шәймерденнің Абай атына жолдаған екі хаты да қолға түскен. «Аса маңызды тапсырманы мүлтіксіз орындағаны үшін Семей оязының бастығы Навроцкий Қыр өлкесі генерал-губернаторының алғысын алды» (1903 ж.1- тамыз). Осы хатында генерал-губернатор «Құнанбаевтың жеке басына байланысты неғұрлым толық мәлімет жіберуді» де қоса сұрапты [2,146]. Семей оязы бастығының Абайға берген мінездемесі және ол ұлы адамның тұрмысын, мінез-құлқын, білім-парасатын, ел ішіндегі абыройын көрсететін құжат болса, әрине, әрбіреуіміздің жүрегімізге жақын. Оның үстіне ресми қызмет адамы жазған, бәлкім, Абай данышпанды бар қырынан көрсете алмаған құжатты журналист, кейін мемлекеттік архивті басқарған С.Байжановтың аударуында қазақшалап келтірейік:

Семей оязы бастығының Семей облысының әскери губернаторына 1903 жылы 26 тамызда жолдаған хаты. Күпия №48. «1903 жылғы 22 августтағы № 200 ұсынысыңыз жайында Сіздің Хұзырыңызға Шыңғыс болысының қырғызы Ибрагим Құнанбаевтың жасы 60-та екенін, 3 әйелі барын, олардан 20-ға жуық балалары барын, 1000 жылқысы мен 2000 қойы барын, оның өте білімді және ақылды адам екенін, Шыңғыс болысы болып 2 рет үш жылдан және үш рет үш жылдан істегенін, сонсоң бір рет 3 жыл бойына үкіметтің тағайындауы бойынша Мұқыр болысы болып істегенін хабарлаймын. Құнанбаевтың қызметінде парасаттылық пен жігерлілік, үкіметке берілгендік [бар] және ұлтшылдықтың жоқтығы көзге түсті. Мысалы: Құнанбаевтың бір ұлы Михайловск артиллерия училищесінің курсын аяқтағаннан кейін офицерлер қатарына қосылды, Түркістан округінде қызмет атқарып жүріп қайтыс болды, қызы қырғыздар интернатында оқып, оның курсын аяқтады, қазір күйеуде. Қалған ұлдарының бәрі орысша сөйлеп, жаза алады, оларды әкесінің өзі оқытады. Құнанбаевтың өзі кітаптар, газеттер мен журналдар алдырады, орыс әдебиетіне ынта қояды. Бұрынырақта Семей уезіндегі және көршілес уездердегі қырғыздардың арасында Құнанбаевтың беделі өте зор болды, бірнеше рет «Төбе би», яғни болыстар арасындағы дауларды шешуші болып сайланды, бұл қырғыздар арасында ең жоғары құрмет болып саналады және сайланған судьяның адалдығына сенім көрсетіледі. Қазір Құнанбаевтың беделі бұрынғысындай күшті емес, ол қартайған, іске араласпайды, тыныш та жайлы өмір сүруде, тікелей өзіне қатысы жоқ істерге өте сақ қарайды, яғни, өз болысында да, сондай-ақ, көрші болыстарда да ешқашанда партияларды басқаруға бармайды, ал партиялардың басшылары онан кеңес сұрайды. Саяси жағынан алғанда, мен оны ақылды адам деп, фанатик емес деп санаймын, мұсылман билептестеушілерінің қаракеттеріне араласпайтын, сенуге болатын адам деп санаймын. Өзімен әңгімелескен кезде Құнанбаев өз пайымдауларында мемлекеттік мүдделерді толық түсінетінін және Россияның Азиядағы иемденуіндегі жерлерде мәдениетті қызмет атқаруына дұрыс көзқарасын көрсетті, фанатик мұсылмандардың үкіметке қарсы әрекеттерін ашу-ызамен айыптады. Жалпы алғанда Құнанбаевтың өзі саяси тұрғыда ешқандай қауіп тудырмайды. Соңғы сөйлемдер Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романында келтірген эпизодтарындағы Абай аузымен айтылған сөздерге өте-өте жақын келеді. Біз қазір әңгіме етіп отырған жайлардың жазушыға ерте-ақ мәлім болғандығының бір дәлелі осы деп санаймыз.

(Жалғасы газеттің келесі санында).

АБАЙ - ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ



Петропавл қаласында облыстық "Абай мен Мағжан оқулары" өтті. Тайынша ауданы мектептерінен барлығы 11 оқушы қатысты. Сол он бір оқушыдан 9 оқушы жеңімпаз атанды. Ол жеңімпаздарымыз:

- 1. И.М.Бережной атындағы Келлер орта мектебі Тилеуберди Еркингүл – 11 сынып - 2 ОРЫН;
- 2. И.М.Бережной атындағы Келлер орта мектебі Қуаныштай Асем-10 сынып-3 ОРЫН;
- 3. Чкалов №2 орта мектебі, Дондых Аяулым 10

- сынып-2 ОРЫН;
- 4. Петровка ОМ-Денцова Дарья, 11 сынып-2 ОРЫН;
- 5. Теңдік ОМ- Мырзат Жәнібек, 8 сынып-1 ОРЫН;
- 6. Тайынша қ. №5 ОМ, Хажмұханқызы Аяулым, 10 сынып-2 ОРЫН;
- 7. Ильичевка орта мектебі - Бекболат Мерейлім, 3 сынып-3 ОРЫН;
- 8. Ильичевка орта мектебі- Комис Ерасыл -3 ОРЫН;
- 9. Мадениет НМ- Даулетбек Жұлдыз - 2 ОРЫН;

Құттықтаймыз!

* * * * *

ЕСІМДЕРІ ЕЛ ЖҮРЕГІНДЕ



Ұлы Жеңістің 77 жылдығына орай Аймақ ауылында соғыс кезінде еңбек сіңірген батыр аналар, Аймақ ауылының соғыстан қайтпағандар және Тыл еңбеккерлеріне арнап мемориалды тақта қойылды. Ардагерлеріміз сұрапыл соғысты бастан өткеріп, лаулаған оттың ошағына тап болып, кең байтақ жерді қорғады. Бүгінгі бейбіт күн жолындағы өлшеусіз ерліктеріңіз ешқашан ұмытылмайды және ұрпақтар сабақтастығына бас болатын іс-шара деп білеміз.

Іс-шараның басында жүріп, ерекше белсенділік көрсеткен Тасимов Сағидолла Сейфоллаұлы, Тұрғымбаев Жұмабай Тұрғынбайұлы, Жұмағұлов Қайыргелді Қойбағарұлы, Құттығожин Ораз Сапарұлына, жалпы Аймақ негізгі мектебінің мұғалімдеріне, жекелеген ауыл азаматтары мен азаматшаларына барша ауыл тұрғындарының алғысы шексіз!
Г.Р.ТАСИМОВА,
Аймақ негізгі мектебінің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

СЫҢҒЫРЛА, СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ!

2021-2022 оқу жылы аяқталды. Аудан бойынша барлығы 5877 оқушы бар. Осы оқу жылында негізгі мектепті 509 оқушы аяқтаса, 258 оқушы 11 сыныпты, яғни орта мектепті аяқтап, өзінің 11 жыл оқыған мектебімен, ұстаздарымен қоштасады. Биылғы жылы «Алтын белгіге» үміткер сегіз оқушы, ал «Үздік аттестатқа» үміткер 24 оқушы.



Теңдік орта мектебі 11-сынып



Теңдік орта мектебі 9-сынып



Денсаулық бұрышы ТАҒАМДЫҚ ТОКСИКОИНФЕКЦИЯ

Галина ТОЛСТОЛУЖИНСКАЯ,
«Тайынша аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ бас маманы.

Тағамдық токсикоинфекция - бұл сапасыз (жұқтырған) жануарлардан алынатын өнімдерді (ет, балық, шұжық өнімдері, ет және балық консервілері, сүт және одан жасалған бұйымдар және т.б.) қабылдаған кезде пайда болатын тағамнан улану. Ет, балық өмір сүру кезінде де жұқтырылуы мүмкін, бірақ көбінесе бұл тамақ дайындау және тағамды дұрыс сақтамау процесінде болады. Айта кету керек, қоздырғыштың көзі көбінесе тамақ дайындаумен айналысатын адамдар, кейде жануарлар - ауру немесе сау бактерия тасымалдаушылар болып табылады. Қоздырушылар тек тамақ өнімдері арқылы беріледі, көбінесе пісіру, тасымалдау, сақтау және сату кезінде ластанған ет, сүт, желе, тартылған ет, паштет, котлеттер, балық, винегрет, салат. Олар микробтардың тобымен пайда болады: стафилококк, стрептококк, сальмонелла, шигелла, шартты-патогенді микроорганизмдер. Олардың барлығы қанға енетін ең күшті улы заттарды шығарады, содан барлық организмге тарайды. Берілу жолы: алиментарлы, бұл сапасыз немесе күмәнді тағам сапасын пайдалану дегенді білдіреді. Сол тамақты жеген адамдар арасында кенеттен және жаппай аурулар. Инкубациялық кезеңнің ұзақтығы әдетте 4-8 сағатты құрайды, сирек 20-24 сағатқа дейін созылады. Әдетте басталуы жіті: жүрек айнуының ауыр сезімі аясында қайталанатын құсу, іштің ауырсынуы. Диспепсиялық бұзылулармен қатар, кейбір науқастарда қалтырау, дене температурасының жоғарылауы, тахикардия, артериялық гипотензия, терінің бозаруы, әлсіздік, құрысулар болуы мүмкін. Әдетте 1-3 күннен кейін бұл құбылыстар азаяды. Алайда құсу мен іш өтуді тоқтатқаннан кейін асқазан - ішек жолы функциясының бұзылуы сақталуы мүмкін: ферменттік жеткіліксіздік, күшейтілген перистальтика, ішектің қорытылу және сіңу қабілетінің бұзылуы, тұрақсыз нәжіс, метеоризм, іштің қысқа мерзімді ауыруымен қатар жүретін дисбактериоз болады. Зертханалық диагностиканың негізгі әдісі-құсу, нәжіс, тамақ қалдықтары және т. б. бактериологиялық зерттеу.

Профилактика шаралары: тамақ өнімдерін дайындау, сақтау және өткізу технологиясын сақтау, дұрыс тоңазытқыш және технологиялық жабдықтың болуы, тауарлық көршілестікті сақтау. Жеке гигиена ережелерін және тамақ кәсіпорнының санитарлық режимін сақтау. Тағам дайындаумен байланысты адамдарға медициналық тексеру нәтижелері бар медициналық кітапшалар болуы қажет, тамақ дайындауға білікті қызметкерлерді тарту қажет. НҚА белгіленген талаптарына сәйкес жабдықтар мен мүкәммалды дезинфекциялауды жүргізу, жәндіктер мен кеміргіштермен күрес жүргізу керек. Тамақты қабылдау және тарату алдында, дәретханаға, көшеге барғаннан кейін, шикі өніммен жанасқанға дейін және одан кейін қолды сабынмен мұқият жуу керек. Қолдың тазалығын қадағалау керек. Қайнатылған немесе бөтелкедегі суды ішу керек. Рұқсатсыз сату орындарында күмәнді өнімдерді сатып алмау, өнімді сатып алу кезінде өндіріс уақыты мен сату мерзімдерін мұқият тексеру, тамақ өнімдерін сақтау жағдайларына назар аудару қажет. Торттар, кілегейлі торттар тоңазытқышта 12 сағаттан артық сақталмауы керек және бұл тез бұзылатын тағам екенін ұмытпаған жөн. Салаттарды үстелге қою алдында араластыру керек. Егер банка ісінген болса немесе бүліну белгілері болса, консервілерді жеуге болмайды. Тамақ өнімдерін термиялық өңдеуді мұқият орындау керек.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.
Индекс: 65710
Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НУРАЛИНА

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген
Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.
Талсырыс 178. Таралымы 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы,
Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715 36) 23-8-51
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтінін хабарлама беруші автор өзі жауапты.